

«Акселлект Казахстан» ЖШС

сайтын пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы сайтты пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеу туралы Ережемен (бұдан әрі – «Ереже») «Акселлект Казахстан» ЖШС-не (бұдан әрі «Компания») тиесілі <https://axellect.kz/> сайты (бұдан әрі «Сайт») пайдаланушылардың (бұдан әрі – «Пайдаланушы») дербес деректерін өңдеу тәртібі белгіленеді және дербес деректерді өңдеу барысында азаматтардың құқықтарын қорғау талаптарын сақтау камтамасыз етіледі.

1.2. Сайтты Пайдаланушылардың дербес деректерін жинау және өңдеуімен байланысты қатынастар, соның ішінде, бірақ шектелмей, Компаниядағы дербес деректерді жинау, сақтау, өзгерту, пайдалану, беру, иесіздендіру, бұғаттау, жою және қорғау, сондай-ақ олардың Компаниядағы құпиялығына кепілдеме беру осы Ережемен, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерімен және Компанияның ішкі нормативтік актілерімен реттеледі. Дербес деректерді Компанияға беру алдында Пайдаланушы осы Ережемен танысуға міндетті.

1.3. Дербес деректерді беру кезінде, Пайдаланушы осы Ереженің Сайтты нақты пайдалану сәтінде әрекетті болған басылымындағы шарттарымен келіседі.

2. Негізгі ұғымдар

Осы ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

Дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

Дербес деректерді автоматтандырылған түрде өңдеу – дербес деректерді ақпараттық (автоматтандырылған) жүйелерді қолдана отырып өңдеу;

Дербес деректерге қол жеткізу – дербес деректердің құпиялығын сақтай отырып, олармен заңды түрде танысу және/немесе өңдеу мүмкіндігі. Дербес деректерге қол жеткізу Субъектінің келісімі шарттарымен белгіленеді;

Дербес деректерді жеткізгіш – онда кез келген ықтималды нысанда дербес деректерді құрайтын мәліметтер қамтылатын материалды объект (құжат, компьютер, ақпаратты басқа жеткізгіш);

Дербес деректер субъектісі (Бұдан әрі - «Субъект») – дербес деректер оған қатысты жеке тұлға;

Дербес деректерді жинау – дербес деректерді алуға бағытталған әрекеттер;

Дербес деректерді бұғаттау – дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;

Дербес деректерді жою – жасалуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

Дербес деректерді иесіздендіру – жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

Дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

Дербес деректерді қорғау – осы Ережеде белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені.

3. Пайдаланушылардың дербес деректерін жинау және өңдеу шарттары

3.1. Пайдаланушылардың дербес деректерін жинау және өңдеуді Компания келесі қағидаттарға сәйкес жүзеге асырады:

3.1.1. дербес деректерді өңдеу мақсаттары мен әдістерінің заңдылығы;

3.1.2. Компанияның адалдығы;

3.1.3. дербес деректерді жинау мен өңдеу мақсаттарының олардың жинау кезінде алдын ала белгіленген

және мәлімделген мақсаттарға, сондай-ақ Компанияның өкілеттіктеріне сәйкестігі;

3.1.4. өңделетін дербес деректердің көлемі мен сипаттамасының, оларды жинау мен өңдеу әдістерінің дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттарына сәйкестігі;

3.1.5. өзара үйлеспейтін мақсаттар үшін Пайдаланушылардың дербес деректерін қамтитын деректер базасының біріктіруіне жол бермеу.

3.2. Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары.

Компания Пайдаланушылардың дербес деректерін мынадай мақсаттарды жинайды және өңдейді:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компанияның жергішілкті нормативтік актілерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;
- кері байланыс алу;
- сұраныстар мен өтінімдерді өңдеу, серіктестік туралы және бұдан былай келіссөздер жүргізу туралы ұсыныстарды қабылдау.

3.3. Компания Пайдаланушының келесі дербес деректерін жинауды жүзеге асырады:

- Тегі, аты;
- Байланыс ақпарат (e-mail, телефон);
- Пайдаланушы кері байланыс нысанын толтыру барысында өзі ұсынатын деректер.

3.4. Дербес деректерді өңдеуге келісім

Қажетті ақпаратты алу мақсатымен Сайтта кері байланыс нысанында деректерді толтыратын Пайдаланушы, сонымен осы Ережеге сәйкес өзінің дербес деректерін Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес автоматтандырылған, сондай-ақ автоматтандыру құралдарын қолданусыз өңдеуге және пайдалануға өзінің толық келісімін білдіреді.

3.5. Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу және беру.

Компания Пайдаланушының дербес деректерін осы Саясаттың 3.2-тармағында көрсетілген мақсаттарды сақтауымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға бере алады.

Аталғанды ескере отырып, сондай-ақ Компаниямен осы Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген өңдеу мақсаттарын сақтауын ескере отырып, Пайдаланушы Компанияға келесі әрекеттерді жүзеге асыруға тапсырады және онымен келіседі:

- Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу, соның ішінде жинау, жазу, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, беру, пайдалану, бұғаттау, иесіндендіру;

3.6. Пайдаланушының дербес деректерін сақтау

Пайдаланушының дербес деректері Қазақстан Республикасының аумағында сақталады, сонымен қатар, сақтау тек қана электронды жеткізгіштерде, ал өңдеу - Пайдаланушының дербес деректерін автоматтандырылмаған түрде өңдеу қоланыстағы заңнаманың талаптарына қажет болатын жағдайларды қоспағанда автоматтандырылған жүйелерді қолдана отырып жүзеге асырылады.

Өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген болса, Пайдаланушының дербес деректері оларды өңдеу мақсатына жеткенге дейін сақталады.

3.7. Пайдаланушының дербес деректерін сақтау мерзімдері.

Пайдаланушының дербес деректері Компаниямен Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасы бойынша қажетті және заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде Компаниямен сақталады.

3.8. Пайдаланушының дербес деректерін өңдеуді тоқтату

Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу мақсатына жеткен кезде Компания дербес деректерді өңдеуді Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен көзделген әдістердің бірімен тоқтатады.

4. Пайдаланушылардың олардың дербес деректерін өңдеу кезіндегі құқықтары

Пайдаланушылар:

4.1. сұраныс негізінде Компаниядан Пайдаланушының дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпарат алуға;

4.2. Компанияға осы Ереженің 6-бөлімінде көзделген тәртіпте тиісті сұраныс жолдау арқылы дербес деректерді өңдеуден бас тартуға құқылы.

5. Пайдаланушының дербес деректерін қорғау шаралары

5.1. Компания Пайдаланушының дербес деректерін оларға заңсыз немесе кездейсоқ қолжетімділіктен, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшірме жасаудан, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың басқа заңсыз әрекеттеріне қорғауды қамтамасыз ету мақсатында техникалық және ұйымдастыру-құқықтық шаралар қолданады.

5.2. Техникалық қауіпсіздік шаралары Компаниямен қолданыстағы заңнаманың талаптарып, заманауи техника деңгейін, өңделетін дербес деректердің сипаттамасы мен оларды өңдеумен байланысты катерлерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Пайдаланушының дербес деректеріне қолжетімділік Компанияның қызметкерлеріне немесе мердігерлеріне сондай тұлғалармен өзінің қызметтік міндеттерін немесе Компаниямен жасалған шарты бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті көлемде ғана ұсынылады, сонымен қатар сондай тұлғаларға Ақпаратқа қолжетімділікті жүзеге асыру барысында қауіпсіздік шараларын орындау бойынша міндеттеме жүктеледі. Деректердің құпиялылығын қорғау және қамтамасыз ету үшін барлық қызметкерлер/мердігерлер дербес деректерді өңдеуге қатысты ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтайды. Аталған тұлғалар сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен көзделген және Пайдаланушының дербес деректерін қорғау үшін қажетті болып табылатын барлық техникалық және ұйымдастырушылық қауіпсіздік шараларын сақтайды.

6. Пайдаланушылардың жүгінулері

6.1. Компаниямен өңделетін Пайдаланушының дербес деректері туралы мәліметтер Пайдаланушыға немесе оның өкіліне жүгіну (сұраныс жасау) кезінде ұсынылады.

6.2. Сұраныстар Компанияның сайтында көрсетілген мекенжай бойынша электронды нысанда немесе Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасымен көзделген басқа нысанда жолданады.

6.3. Пайдаланушы Компанияға әрекеттегі заңнаманың талаптарына сәйкес Компанияның орналасқан жері бойынша жазбаша өтініш жолдау арқылы өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімін кері қайтарып алуға құқылы.

7. Осы Ережеге жасалатын өзгертулер мен толықтырулар

7.1. Осы Ережені Компания Пайдаланушыларды Сайтта өзгерілетін Ереженің жаңа басылымын орналастыру арқылы хабарландыру жолымен өзгерте алады. Компаниямен енгізілген Ережеге өзгертулер Сайтта Ереженің жаңа басылымы орналастырылған күннен кейінгі күні күшіне енеді. Пайдаланушы осы Ережеге енгізілген өзгертулерді өзі тексеріп отыруға міндеттенеді. Пайдаланушымен танысу бойынша әрекеттерді жүзеге асырмауы Пайдаланушымен өзінің міндеттерін орындамау үшін және Пайдаланушымен осы Ережеде белгіленген шектеулерді сақтауға негіз бола алмайды.

7.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.